А.К. Аманова және Е.Ж. Сармурзин кәсіби құзыреттілікті өз кәсібінің қызметтік талаптарына сай кәсіби міндеттерін орындауға мүмкіндік беретін маманның ішкі ресурстарының жиынтығы деп түсіндірген. Олардың зерттеуінше, маманның кәсіби құзыреттілігі қызметтік міндеттері мен кәсіби әрекетін табысты етуге мүмкіндік беретін әрекет түрлерін орындауда қолданылатын элементтерді қамтиды. Болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру кәсібилікке дейінгі даярлық, кәсіби бейімделу мен болашақтағы кәсіби әрекеті компоненттері қатыстырылатын әрекет түрлерін орындау барысында жүзеге асады. Оның нәтижесінде маманның кәсіби әрекетінің тиімділігіне негіз болатын тұлғалық кәсіби мәнді сапалары дамиды. Жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды даярлау студенттерді олардың кәсіби шеберліктерінің, бұл үдерісті басқару және нәтижені бақылаудың барлық компоненттерін қалыптастыру орын алатын оқу және практикалық әрекет түрлеріне қатыстыруды болжайды және жүзеге асырады (Amanova and Sarmurzin, 2020).

Жинақталған теориялық зерттеулерге және озық педагогикалық тәжірибелерге талдау жасай келе ұғынатымыз, аталған мәселені шешуде әлемдік тенденцияны қолдану, жетекші әдістерді пайдалану көздеген мақсатқа қол жеткізуді тиімді жүзеге асырады. Соның бірі – микрооқыту әдісі. Ендеше, аталған әдіс, оның білім беру саласындағы қолданысқа енуі туралы қысқаша тоқталайық.

Әлемде ақпараттар легінің тым көп болуынан жарылыс тудырарлықтай сипат алуына байланысты «ақпараттық жарылыс» феномені пайда болып,

өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап 2000 жылдарға дейін кең талқыланды, кейін оның орнын жаһандық тенденциялар басты. Бүгінгі күні ақпараттар легінің молдығы барлық салаға өзгеріс енгізуде. Ақпараттар көлемінің ауқымдылығы оның ақиқат не жалған екенін анықтауды қиындата түсуде. Білім беру саласындағы ауқымды ақпарат білім алушының білім қорын толық игеруге мүмкіндігін оның өзге ықпалының басым болуына қарай азайтуда. Сол себепті ақпаратты шағын топтарға бөліп ұсыну, негізгі ойды айқындау, уақытты тиімді пайдалану, білім алушының зейінін дұрыс шоғырландыру мақсатында микрооқыту ұғымы пайда болып, қолданысқа енді. Микрооқыту тақырыбы білім беру теориясы мен тәжірибесінде электрондық білім беру мен онлайн-оқыту тәжірибесінің дамуымен байланысты бірінші қатарға шықты: шетелдік басылымдарда XXI ғасырдың алғашқы онжылдығының ортасынан бастап, ал отандық басылымдарда – 2010 жылдардың соңынан бастап шықты. Микрооқыту дұрыс, педагогикалық шарттарға сай қолданылған жағдайда табысты жүзеге асып, жоғары нәтиже алуға оңтайлы әдіс болып саналады.

Микрооқыту негізінде болашақ маман даярлау, мамандардың кәсіби дамуына ықпал ету жөнінде бірқатар зерттеулер бар. Олар Блинов, Сергеев және Родичев, 2022; Михайлов, 2018; Сливная, 2021; Lohman, 2023; Robles және баск., 2023; Hug, 2005; Tosuncuoglu, 2024; Smith, 2021; Zhou and Deng, 2018; Адырбеков, Дүйсенбекова және Абдулина, 2024; Жұмабаева және т.б., 2025; бастаған зерттеушілер тобы және т.б.жүргізген зерттеулер.

Зерттеулерді талдау нәтижесінде микрооқыту мұғалімнің кері байланыс жасау дағдысын дамыту, мұғалім тұлғасының дамуына оң ықпал ету, шетел тілін оқытуда қолдану шеңберінде зерттелгенімен, дәл болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту тұрғысынан жеткіліксіз зерттелгені анықталып, зерттеу тақырыбы ретінде өзекті екені айқындалды.

Зерттеудің мақсаты – микрооқыту арқылы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың диагностикасын құру.

*Негізгі ережелер.*

1. Микрооқыту – қысқа, накты, құрылымдалған оқу бөліктері арқылы дағдды мен құзыреттіліктер қалыптастыру тәсілі. Оның тиімділігі: ықшамдылығы; тартымдылығы; ыңғайлылығы; қабылдауды жеңілдету; уақыт үнемдеу; сандық құзыреттілікті дамыту.
2. Кәсіби құзыреттілік - болашақ мұғалімнің кәсіби білім, білік, дағды және тұлғалық қасиеттерінің жиынтығы.
3. Диагностика – қандай да бір жағдайдың жүруін өлшеу, бағалау, бақылау әдістері.
4. Микрооқыту арқылы жүргізілетін сабақ құрылымы: кіріспе – презентация – практикалық тапсырма – кері байланыс – қорытынды – кері байланыс, бағалау.

Зерттеу болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін

CC BY NC

микрооқытудың мүмкіндіктері арқылы қалыптастыру барысын бағалау мен зерттеуге бағытталады.

**Зерттеу әдістері.** Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау үдерісінде берілетін білім, игерілетін біліктер мен дағдылар оның тұлғалық дамуын, әдістемелік даярлығын дамытуға, соның нәтижесінде кәсіби шеберлігін қалыптастыруға бағытталады. Болашақ маманның жоғары оқу орнында игерген құзыреттілік негіздері практика барысында байқалып, сыни талдау, бақылау, бағалау нәтижесінде оның қалыптасу деңгейі көрінеді. Білім алушының оқу кезеңінің басындағы кәсіби бейнесін жарқын елестетуі, мамандығына деген жағымды көзқарасы, талапқа сай болуға ұмтылысы соңғы оқу жылдарында теориялық мол білім, әдістемелік білік, кәсіби шеберлік пен құзыреттілікке ұласуы үшін оқу үдерісі дұрыс, қызықты, жаңашыл сипатта ұйымдастырылуының маңызы зор.

Соңғы жылдары жоғары оқу орны практикасында өзін-өзі оқыту, өзін-өзі жетілдіру, сыни талдау, рөлдік әдіс, дамытушы оқу стратегиялары жиі қолданылады. Өзгешелік, жаңашылдық, әлемдік тәжірибеге кіріктіру, тәжірибе алмасу білім алушылар үшін тартымды, оқытушы үшін тиімді болып саналады. Ендеше, зерттеуімізде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін құраушылар, микрооқыту, оның тиімділігі туралы теориялық әдіс арқылы ақпараттарға талдау-жинақтау жұмыстарын жүргізіп, эмпирикалық әдіс арқылы эксперименттік жұмыс жоспары әзірленіп, оның жүзеге асу барысы баяндалатын болады.

Ғылыми әдебиеттерге және жеке педагогикалық тәжірибемізге сүйене отырып, бастауыш сыныптар мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктерін төмендегіше жіктейміз:

- бастауыш білім беру бойынша оқыту-тәрбиелеу сапасын қамтамасыз ету үшін

пәндік-әдістемелік біліктерді игеру;

- педагогикалық іс-әрекет үдерісінде білім алушылардың түрлі топтарының

әлеуметтік-психологиялық сипаттамасын қабылдауға даярлық;

- білім беру ұйымының оқыту-тәрбиелеу жұмыстары барысында өз білімін қолдану

қабілеті;

- бастауыш оқу үдерісіндегі оқу-әдістемелік кешендерді сыни талдай алу;
- өзбетінше кәсібилігі мен педагогикалық шеберлігін жетілдіру қабілеті;
- түрлі жаңа технологияларды меңгеру және тәжірибеде қолдана алу қабілеті.

Аталған кәсіби құзыреттіліктердің негізгі тобын қалыптастыруда микрооқытудың мүмкіндігі зор. Себебі микрооқыту біршама артықшылықтарға ие:


CC BY NC

-білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне бейімделуі;

-интернет пен цифрлық ресурстарды кеңінен қолдану;

-«Z ұрпағына» жататын оқушылардың психологиясын ескере отырып оқу-тәрбие

үдерісін ұйымдастыру;

-оқу материалын үзінді және жылдам меңгеру мүмкіндігі (National Academy of Education named after Y. Altynsarin, 2024).

Микрооқытудың болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда әлеуеті мол деген пікірді ұстана отырып, «микрооқыту» ұғымының мәнін қарастырып, контент талдау жасаймыз.

Кесте 1 — «Микрооқыту» ұғымына контент талдау

| Ғалымдар | Түсініктер |
|---|---|
| В.И. Блинов, И.С.Сергеев және Н.Ф. Родичев | Микрооқыту – білім алушылардың жоғары мотивациясын және қатысуын, берілген білім беру нәтижелерін жылдам және берік меңгеруді, теория мен практиканың байланысын, оқытудың қолжетімдігі мен икемділігін қамтамасыз ететін білім берудегі қазіргі заманауи трендтердің бірі. Бұл «жаңа когнитивті стильге» адекватты және ең алдымен, максималды жылдам білім беру нәтижелеріне жетуге бағдарланған оқу үдерісін құру стратегиясы (Blinov et al., 2022). |
| В. Михайлов | Микрооқыту – қысқа курстардың көмегімен оқыту, онда материал барынша ықшамдалған және түсіну үшін қолжетімді (Михайлов, 2018). |
| Е.М. Сливная | Микрооқыту – бұл шамадан тыс когнитивті жүктемені азайтуға және білімді сақтауды жақсартуға ықпал ететін қысқа, бағытталған модульдер түрінде ақпарат беруге негізделген оқу үдерісін ұйымдастырудың заманауи технологиясы (Сливная, 2021). |
| Theo Hug Innsbruck | Микрооқыту – шағын оқу бірліктері мен қысқа мерзімді оқу әрекеттерін қамтитын әдіс (Hug, 2005). |
| I.Tosuncuoglu | Микрооқыту —оқытуды қабылдауға және күнделікті өмірге біріктіруге ыңғайлы ететіндей шағын, оңай меңгерілетін элементтерге бөлетін технология (Tosuncuoglu, 2024). |
| Scott Smith | Микрооқыту — ұжымдық оқыту және өзін-өзі көрсету арқылы дағдыларды жетілдіретін технология (Smith, 2021). |
| N. Zhou және Y. Deng | Микрооқыту ресурстары төңкерілген сынып моделін қолданудағы перспективалық бағыт, бұл білім алушылардың оқу нәтижелері мен олардың уәждемесін айтарлықтай жақсарту үшін қолайлы технология (Zhou and Deng, 2018). |
| Д.Т. Адырбеков, Ж.Д. Дүйсенбекова және Л.Б. Абдулина | Оқытудың бұл түрі білім алушыларға өзін оқытушы рөлінде сезінуге мүмкіндік береді, тиісті құзыреттерді дамытуға ықпал етеді, білім беру үдерісіне қатысушылар арасындағы тиімдірек қарым-қатынасқа ықпал етеді (Akhilbekova and Baitasheva, 2024). |

Берілген анықтамалардың барлығына ортақ түсінік микрооқытудың оқытудағы тиімді технология болып табылуы, сондай-ақ оның оқу курсын ықшамдап, шағын бөліктерге ұсынатын әдіс болуы екенін анықтадық.

Ұғымның мәніне қатысты берілген тұжырымдармен келісе отырып,



CC BY NC

*«микрооқыту - қысқа, нақты, құрылымдалған оқу бөліктері арқылы дағды мен құзыреттіліктерді қалыптастыру тәсілі»* деген қорытынды жасаймыз.

Микрооқыту салыстырмалы түрде қысқа және жеңіл сабақтармен ерекшеленеді, бұл оқушылардың уақытын тиімді пайдалануға және ақпаратты аз мөлшерде ұсыну арқылы когнитивті жүктемені азайтуға мүмкіндік береді. Мазмұны кішігірім оқу бірліктерінен тұрады, бұл материалды қабылдау мен есте сақтауды жеңілдетеді, себебі назар белгілі бір тақырыптар немесе дағдыларға шоғырланады. Микрооқыту әдетте фрагменттер немесе эпизодтар түрінде ұйымдастырылады, бұл ақпаратты модульдік негізде меңгеруге және оқушыларға оқу элементтерін бірінен соң бірін өтуге мүмкіндік береді. Микросабақтың кезеңдері: Кіріспе - Презентация - Практикалық жұмыс - Кері байланыс Қорытынды - Бағалау, кері байланыс.




Сурет 1 – Микросабақтың кезеңдері

Ескерту: «Шетел тілі сабақтарында микрооқыту технологиясын қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар» дереккөзінен алынған (Tosuncuoglu, 2024).

Микрооқытудағы басты назарды жеке және кешенді әрекеттерге шоғырланудың қажеттілігін көрсетеді, бұл оқу үдерісі бойы оқушылардың зейінін ұстап тұруға көмектеседі. Баспа және онлайн мультимедиялық ресурстарды қоса алғанда, әртүрлі мультимедиялық құрылғыларды пайдалану ақпаратты мультимодальды ұсыну арқылы білімді тиімдірек жеткізуге ықпал етеді. Микрооқыту технологиясын қолданатын заманауи цифрлық платформалар, сонымен қатар, оқушылардың мотивациясын және олардың оқу үдерісіне қатысуын арттыратын геймификация элементтері мен мультимедиялық технологияларды пайдаланады (National Academy of Education named after Y. Altynsarin, 2024).


CC BY NC

Зерттеу мәселеміз бойынша біз микрооқыту негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру диагностикасын қарастырамыз. Сол үшін микрооқыту негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру компоненттерін, өлшемдері мен көрсеткіштерін белгілеп аламыз (кесте 2).

Кесте 2 – Микрооқыту негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері

| Компоненттері | Өлшемдері | Көрсеткіштер |
|---|---|---|
| Мотивациялық | Кәсіби қызығушылық пен құндылықтық бағдар | - мұғалім мамандығына оң көзқарас;<br>- микрооқытуға деген қызығушылық;<br>- жеке даму мен кәсіби жетілуді қажетсіну. |
| Танымдық | Теориялық білімнің меңгерілу деңгейі | - педагогика, психология және әдістеме негіздерін білу;<br>- микрооқыту құрылымын, ерекшеліктерін түсіну;<br>- құзыреттілік ұғымының мәнін ұғыну. |
| Іс-әрекеттік | Практикалық іс-әрекетте микрооқытуды қолдану | - микрооқыту сценарийін құра білу;<br>- қысқа мерзімді сабақтар өткізу;<br>- оқушылармен кері байланыс орната білу. |
| Рефлексивтік | Өз іс-әрекетін бағалау және жетілдіру | -сабақ нәтижесіне талдау жасай білу;<br>-жіберілген кемшіліктерді анықтап,түзетуге ұмтылу;<br>-өз дамуына мақсат қоя білу. |

Белгіленген компонент, өлшем және көрсеткіштерге сай микрооқыту негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттерінің қалыптасу деңгейлері мен олардың сипаттамаларын келесідей етіп белгілеп алуды жөн көрдік:

*Жоғары деңгей* (толық қалыптасқан) – микрооқытудың мазмұнын, құрылымын, әдістерін толық меңгерген; қысқа форматты сабақтарды өздігінен құрастырып, тиімді жүргізе алады; кәсіби рефлексия мен өзіндік талдау жүргізуге қабілетті; оқушыға бағытталған инновациялық тәсілдерді еркін қолданады.

*Орта деңгей* (қалыптасу үстінде) – микрооқыту құрылымын ішінара түсінеді, қолдану барысында әдістемелік қолдауды қажет етеді; тәжірибе барысында қателіктер жібереді, бірақ оларды түзетуге ұмтылады; рефлексия жасау дағдылары қалыптасуда, бірақ толық емес; кәсіби бағытын түсінеді, бірақ тұрақты ізденіс жүргізбейді.

*Төмен деңгей* (енді қалыптаса бастаған немесе қалыптаспаған) – микрооқыту ұғымы мен құрылымын түсінуде қиындықтар бар; теорриялық білімін тәжірибеде қолдану қабілеті төмен; өз іс-әрекетіне рефлексия жасамайды немесе бағалай алмайды; кәсіби қызығушылығы мен мотивациясы әлсіз.

Тәжірибелік құндылыққа ие зерттеуіміздің эксперименттік бөлімін қамтитын болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін

қалыптастыру бағытындағы жұмыстар және олардың жүру барысы туралы мақаламыздың келесі бөлімінде баяндалады.

**Зерттеу нәтижелері.** Зерттеу тақырыбы бойынша жүргізілген эмпирикалық зерттеу әдісі болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің қатысуымен жүзеге асты, атап айтар болсақ, Ахмет Ясауи университетінен Бастауыш білім беру кафедрасының 62 студенті бақылау тобына, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің 60 болашақ бастауыш сынып мұғалімі эксперименттік топ ретінде қатыстырылды.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс екі кезеңде жүргізілді: анықтаушы және қалыптастырушы. Анықтаушы эксперименттік кезең мақсаты болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасуының бастапқы деңгейлерін анықтау болса, қалыптастырушы эксперименттік кезең бастапқы нәтижені жақсарту мақсатында эксперименттік жұмыс жүргізуді көздеді.

Анықтаушы кезеңде жоғарыдағы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру компоненттері бойынша келесідей диагностикалық әдістемелер қолданылды:

Мотивациялық компонентке сай кәсіби қызығушылық пен құндылықтық бағдарды анықтау мақсатында *авторлық сауалнама* әзірленді. Ол төмендегідей тұжырымдардан құралды және білім алушылардың оларды 1-ден 5-ке дейінгі шкалада белгілеуі тапсырылды:

1. Мен үшін мұғалім болу – бала тәрбиесіне үлес қосудың басты жолы.
2. Мұғалім мамандығы - өзімнің шынайы және дұрыс таңдауым.
3. Мен оқушылармен жұмыс жасаудан ләззат аламын.
4. Мен келешекте өзімді үздік ұстаз ретінде елестете аламын.
5. Мен үшін материалдық табыс емес, адамға пайда әкелу маңызды.
6. Микрооқыту туралы толық білемін.
7. Микрооқытуды тиімді әдіс деп санаймын, қолдануға ұмтыламын.
8. Өз кәсіби шеберлігімді үнемі арттыруға дайынмын.
9. Жаңа технологияларды қолдану үнемі тиімді болады деп есептеймін.
10. Микрооқытуды қолдануды үйренуге қызығушылығым жоғары.

40-50 балл – кәсіби қызығушылығы мен құндылықтық бағдарлары жоғары деңгейде қалыптасқан, микрооқытудың маңызын түсінеді.

25-39 балл - кәсіби қызметке мотивациясы орта деңгейде қалыптасқан, кәсіби құндылықты тереңдете дамытуды қажет етеді.

0-24 балл – болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби бағдары әлсіз, кәсібіне қызығушылығы төмен, қосымша қолдау мен бағыттауды қажет етеді.

Танымдық компонент бойынша теориялық білім деңгейін бағалау үшін білім алушы тестілеуден өтті. Болашақ маманға педагогика, психология және әдістеме негіздерін білу; микрооқыту құрылымын, ерекшеліктерін түсіну; құзыреттілік ұғымының мәнін ұғыну бойынша *тест* ұсынылды. Тест төмендегіше сұрақтардан құралды:


CC BY NC

1. Педагогика ғылымының негізгі объектісі
2. Психологиялық құзыреттілік дегеніміз
3. Оқыту әдістемесінің қарастыратын сұрақтары
4. Сабақтың әдістемелік құрылымы
5. Құзыреттілік түрлері
6. Кәсіби құзыретті мұғалімге тән сапалар
7. Педагогикалық технологиялар қатары
8. Микрооқытудың мақсаты
9. Микрооқытудың басты ерекшелігі
10. Микрооқытудағы маңызды элемент

Тесттің әр дұрыс жауабына 1 балл беріледі. Нәтиженің өңделуі:

8-10 балл – жоғары деңгей

5-7 балл – орташа деңгей

0-4 балл – төмен деңгей

Практикалық компонент бойынша студентке тақырып беріліп, микрооқыту сценарийін құру, қысқа мерзімді сабақ жоспарын құрып көрсету, оқушымен кері байланыс орнату дағдыларын анықтау мақсатындағы практикалық *тапсырма* берілді. Мұғалімнің бақылауы жүргізілді. Практикалық тапсырманың орындалуын бағалау үшін келесідей критерийлер белгіленді:

- Микрооқыту сценарийінің дұрыс құрылуы;
- Қысқа мерзімді сабақ жоспарының үлгі бойынша құрылуы;
- Мұғалімнің микрооқыту стратегияларын орынды қолдануы;
- Кері байланыс орнатудағы жаңашылдық;
- Сабақтың техникалық жабдықталуы;
- Уақыттың сақталуы;
- Қатысушылардың белсенділігі;
- Сабақ мақсатына қол жеткізу;
- Сабақ барысында туындаған мәселені шеше алуы;
- Қатысушылардың бағалау стратегиясының ойластырылуы.

Экспериментке қатысушыларға осы критерийлерге сәйкес микрооқыту негізіндегі сабақ жоспарын құрып, талқылауы қажет екені ескертілді. Әрбір критерийге толық, ішінара сәйкестік немесе сәйкес болмауы 2,1 және 0 баллдарымен бағаланды. Бағалауды мұғалім жүргізді. Нәтижесінде микрооқыту негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейі анықталды.

Нәтижесін есептеу:

16-20 балл – жоғары деңгей

10-15 балл – орта деңгей

0-9 балл – төмен деңгей

Рефлексиялық компонент бойынша сабақ нәтижесіне *талдау* жасай білу; жіберілген кемшіліктерді анықтап, түзетуге ұмтылу; өз дамуына мақсат қоя білу көрсеткіштері бойынша студент өзіне-өзі баға беріп, сыни талдауды

CC BY NC

жүзеге асырады. Сыни талдауда критерийлер ұсынылып, соған сай білім алушы өз әрекетінің деңгейін анықтайды. Ол критерийлер:

1. Сабақ мақсаты мен нәтижесінің сәйкестігі: Қойылған оқу мақсаты анықталды ма? Сабақ соңындағы нәтиже мақсатқа сәйкес келе ме?

2. Микрооқыту құрылымының сақталуы: Сабақ құрылымы толық сақталды ма? Әр кезең тиімді ұйымдастырылды ма?

3. Педагогикалық тәсілдердің тиімділігі: Микрооқыту әдістері орынды қолданылды ма? Белсенді оқыту әдістері дұрыс таңдалды ма?

4. Оқушы белсенділігі мен қатысуы: Оқушылардың белсенділігі қалай байқалды? Сұраққа жауап беру, тапсырма орындау барысында белсенділіктерін оята алдым ба?

5. Кері байланыс және бағалау сапасы: Кері байланыс уақытылы әрі нақты берілді ме? Бағалау әдістері әділ және түсінікті болды ма?

6. Сабақ барысында туындаған қиындықтар: Қандай қиындықтар кездесті? Олар дұрыс шешілді ме?

7. Өз даму аймақтарын жақсарту: Сабақты жақсарту жолдары қандай? Өзімді қай тұстан жетілдіруім қажет?

Осы критерийлер бойынша студент әр тармақты 1-5 аралығында сәйкесінше бағалап, мұғалім рөліндегі өзінің кәсіби әрекетіне рефлексиялық талдау жасап, рефлексиялық бағалау парағын өткізеді.

25-35 балл – жоғары деңгей

14-24 балл – орта деңгей

0-13 балл – төмен деңгей

Аталған жұмыс түрлері бойынша алынған анықтаушы кезеңдегі мәліметтерге тоқталып өтелік.

1. Авторлық сауалнама сұрақтарына білім алушылар аса қызығушылықпен жауап берді, сұрақтары да олар үшін күрделі болмағанын айтты. Тек біршама студенттер 6 және 7-сұрақтарға жауап беруде қиналғанын, 8 және 10-сұрақтар туралы бұрын ойлана қоймағанын жеткізді. Нәтижесінде бақылау тобының 34 студенті 25-35 балл аралығындағы баллды жинаса, 12 студенті 14-24 аралығынлағы баллды, ал 16 студенті 13 баллға дейінгі баллды жинады. Эксперименттік топтың 30 студенті жоғары деңгейді, 14 студенті орта деңгейді, қалған 16 студенті төмен деңгейде көрсетті. Демек, экспериментке қатысушы студенттердің 1/3 бөлігінен астамы сауалнамадан төмен нәтиже көрсеткен. Нақтырақ түсіндіру үшін 3-кесте мен 2-суретті назарларыңызға ұсынамыз:

Кесте 3 — Сауалнама нәтижелері

| Деңгейлер | Бақылау тобы (62 студент) | Эксперименттік топ (60 студент) |
|---|---|---|
| Жоғары | 55% | 50% |
| Орта | 20% | 23% |
| Төмен | 25% | 27% |


CC BY NC




Сурет 2 – Сауалнама нәтижесі

2. Танымдық компонент бойынша ұсынылған тест сұрақтарына білім алушылардың

берген жауаптары сауалнамаға қарағанда төмендеу деңгейде болды. Оның себебін біз білім алушылардың шын мәніндегі теориялық білім деңгейін көрсеткендігінен деп білеміз, алдыңғы сауалнамада тек сұрақтарға жауап беру жеткілікті болса, тест сұрақтары ішінде әдістемелік тұрғыдағы сұрақтар да қамтылған және ол нақты білімге сүйеніп жауап беруді қажет етеді. Әсіресе 5,6, 8-10 -сұрақтар студенттерді біраз ойландырса, 9-сұраққа көп студент толыққанды жауап бере алмаған, оқыту технологиясы туралы сұрақты оқыту әдісі туралы сұрақпен шатастырғаны байқалды. Тестті жоғары деңгейде орындаған студенттердің үлесі бақылау тобы бойынша 28 студент, эксперименттік топ бойынша 25 студент, орта деңгейде орындағандар бақылау тобынан 15 студент, эксперименттік топтан 16 студент болса, екі топтан бірдей 19 студент төмен деңгейде тапсырғаны анықталды. Тест жауаптарын балдық шкаламен есептегенде 4-кесте және 3-суреттегідей мәліметтерді ала аламыз.

Кесте 4 – Тестілеу нәтижелері

| Деңгейлер | Бақылау тобы (62 студент) | Эксперименттік топ (60 студент) |
|---|---|---|
| Жоғары | 45% | 42% |
| Орта | 24% | 27% |
| Төмен | 31% | 31% |

CC BY NC




Сурет 3 – Тестілеу нәтижесі

3. Практикалық компонент бойынша тапсырылған микрооқыту негізінде қысқа мерзімді сабақ жоспарын құру, көрсету бітіруші курс студенттеріне жауапты жұмыс болды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері өздерін кәсіби маман сезініп, тапсырманы мұқият зерттеп орындауға тырысты. Алайда алынған бағалау нәтижесінен студенттердің әлі де әдістемелік білімдерін тереңдетіп, кәсіби әлеуетін қалыптастыруға күш салу керектігі байқалды. Себебі болашақ бастауыш сынып мұғалімдері микрооқыту негізіндегі ықшамдалған сабақ жоспарын құрғанымен, микрооқыту құрылымын сақтауда, оны әзірлеуде, ұсынуда өздерін жоғары деңгейде көрсете алмады. Экспериментке қатысушылар ішінен бақылау тобының 21 студенті, эксперименттік топтың 17 студенті толық талапқа сай жоспар дайындап өткізіп, сол арқылы кәсіби құзыреттілік деңгейінің жоғары екенін танытса, бақылау тобының 19 студенті, эксперименттік топтың 22 студентінің әлі де әдістемелік қабілеттерін жетілдіруі қажет екені аңғарылды, ал әр топтың сәйкесінше 22 және 21 студенті мұғалімге қойылатын талаптар қатарын орындай алмады, яғни критерийлер бойынша төменгі деңгейді көрсетті. Нақты мәліметтер 5-кесте мен 4-суретте ұсынылған.

Кесте 5 – Практикалық тапсырма нәтижелері

| Деңгейлер | Бақылау тобы (62 студент) | Эксперименттік топ (60 студент) |
|---|---|---|
| Жоғары | 34% | 29% |
| Орта | 30% | 36% |
| Төмен | 36% | 35% |




Сурет 4 – Практикалық тапсырма нәтижесі

4. Экспериментке қатысушылардың өздері жүргізген ықшпамдалған сабақтары бойынша рефлексия жасау барысы білім алушылар үшін тартымды формада өтті, себебі олар тек *сабағым қалай өтті, қандай қиындық болды, оларды қалай шештім* деп қана емес, нақты критерийлер бойынша сабақтарына сыни талдар жүргізді. 2 және 3-критерийлер бойынша білім алушылар сыни талдау жасаудан қиналса, 7-критерий бойынша тіпті рефлексиялық эссе жазғандары да болды. Бақылау тобының да, эксперименттік топтың да 30 студенті жоғары, 20 студенті орта, 12 студенті төмен деңгейде рефлексия жүргізгенін анықтадық. Рефлексиялық парақтарында көрсеткен сыни талдау, өзін-өзі бағалау баллдарын жинақтай келе, жалпы нәтиже қанағаттанарлықтай екенін, тек дәл микрооқытуға қатысты олардың рефлексия жасаудан қиналғанын анықтадық. Рефлексия нәтижелері 6-кесте мен 5-суретте берілген.

Кесте 6 – Рефлексия нәтижелері

| Деңгейлер | Бақылау тобы (62 студент) | Эксперименттік топ (60 студент) |
|---|---|---|
| Жоғары | 48% | 49% |
| Орта | 32% | 32% |
| Төмен | 20% | 19% |

CC BY NC




Сурет 5 – Рефлексия нәтижесі

Анықтаушы кезеңде алынған сандық мәліметтерден экспериментке қатысушы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейі орташа деңгейде екендігін және екі жоғары оқу орнының білім алушыларынан құралған эксперименттік және бақылау топтарының көрсеткіштері шамалас екендігін көреміз. Бұл үдерістің мотивациялық компоненті бойынша студенттердің кәсіби қызығушылығын арттыра түсу, танымдық компонент бойынша оқыту әдістері туралы түсініктерін кеңейту, практикалық компонент бойынша микрооқытуды тәжірибеде қолдану арқылы іс-әрекеттік дағдыларын дамыту және рефлексиялық компонент бойынша өз ісін бағалау, жетілдіру қажеттігі байқалды. Демек, эксперименттік жұмыстың қалыптастырушы кезеңін жүргізу қажеттілігі туындайды.

Қалыптастырушы эксперименттік кезең тек эксперименттік топтардың қатысуымен «Заманауи білім берудегі микрооқыту стратегиялары» атты арнайы курс аясында жүргізілді. Арнайы курс ұзақтығы 30 (90) академиялық сағатты құрайды.

Курстың мақсаты: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін микрооқыту технологиясы негізінде қалыптастыру.

Курстың міндеттері:

- Микрооқыту ұғымының мәнін түсіндіру;
- Микрооқыту құралдары мен әдістерін меңгерту;
- Микрооқыту негізіндегі шағын сабақтар дайындап өткізуге үйрету;
- Рефлексия жүргізу біліктерін қалыптастыру.

Курс мазмұны төмендегідей модульдерді қамтыды:

1. Микрооқытудың теориялық негіздері (Микрооқыту технологиясының шығу тарихы, зерттелу жайы; «Микрооқыту» ұғымының мәні; Микрооқытудың технология ретіндегі ерекшеліктері; Микрооқыту


cc BY NC

технологиясының құрылымы; Микрооқыту және дәстүрлі білім беру; Микрооқыту: артықшылықтары мен кемшіліктері).

Бұл модульде микрооқыту туралы болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің білімдерін тереңдету, кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру мақсаты көзделді. Бұл кезеңде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің даярлық деңгейін қоғам сұранысына жақындата түсу, кәсіби құзыреттілік қалыптастырудың маңызын ұғындыру, микрооқытудың білім беру үдерісіндегі тиімділігін түсіндіру міндеттері көзделіп, ол төмендегідей жұмыстарды қамтыды:

- болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби әрекеттерін модельдеуге арналған тапсырмалар;
- микрооқыту құрылымына байланысты жаттығулар.

2. Микрооқытудың әдіснамалық негіздері (Микрооқытудың құралдары; Микрооқытудағы педагогикалық шарттар; Микрооқытудың әдіснамалық негіздері: ұстанымдары мен тұғырлары; Микрооқыту стратегиялары)

Бұл модуль болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекетте микрооқытуды қолдану жолдары туралы түсінігін қалыптастыру мақсатына бағытталды. Болашақ маман микрооқытудың өзге оқыту технологияларынан айырмашылығын әдіснамалық деңгейде түсінетін болады.

3. Микрооқыту және практика (Микрооқыту әлемдік тәжірибеде; Микрооқытуды ұйымдастыру жолдары: теория және практика; Микрооқыту арқылы сабақты жоспарлау, өткізу).

Бұл модуль болашақ маманның теориялық білімін практикада қолдануы арқылы кәсіби даму, құзыреттілік, микрооқыту туралы игерген түсініктерін тәжірибеде қолдану дағдыларын дамытуды көздейді. Аталған модульде келесідей жұмыстар жүргізіледі: 5 студенттен біріктіре отырып, оларды «Оқушы», «Мұғалім» және «Бақылаушы» рөлдеріне бөліп, ортақ тапсырма беру. Ол қандай да бір пән аясында тақырыпты өткізуде микрооқытуды қолдану жолын көрсету. Сонда бір топ өз жұмысын көрсеткенде барлығы бірге талқылай отырып, қалған екі топ оған нақты дескриптор бойынша баға беруі тиіс.

4. Рефлексия және кері байланыс (Микрооқыту арқылы жүргізілген сабақты талдау; Кәсіби іс-әрекет түрлерін бағалау; Жетістіктерге жету жоспарын құру).

Бұл модуль микрооқыту бойынша болашақ бастауыш сынып мұғалімінің өз әрекетіне сыни талдау жасауға дағдыландыруға арналған. Мұнда рефлексиялық күнделік жүргізу меңгеріліп, рефлексиялық дағдысын дамытуға байланысты тапсырмалармен жұмыс жүргізіледі.

Арнайы курс барысында түрлі микрооқытуды жүзеге асыруда нәтижелі деп табылған әдістер қолданылды. Олар болашақ мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың компоненттеріне сай таңдалды және бейімделіп қолданылды. Олар 6-суретте берілген.

CC BY NC

Арнайы курс барысында микрооқыту негізіндегі оқу үдерісін құру, жоспарлау ерекшеліктері, микрооқыту құралдарын әзірлеу және ұсыну шарттары баса айтылды. Себебі микрооқытудың басты ерекшелігі де осында, ақпаратты ұсыну форматы, құралдары өзгеше.




Сурет 6 – Арнайы курста қолданылған микрооқыту негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру әдістері мен құралдары

Ескерту: авторлармен құрастырылған.

Микроконтент деңгейінде микрооқытудың жетекші сипаттамалық ерекшеліктері белгілі бір деңгейде кеңінен ұсынылған қазіргі авторлардың шығармаларындағы комбинациялар:

– фокус: микроконтенттің бір бірлігі (микро модуль немесе оның сегмент) білім алушыларда бір қарапайым құзыреттілікті, бір дағдыны, бір ұғымды немесе бұрын үйренген элементтер арасындағы бір байланысты қалыптастыруға бағытталған;

- қысқа: мазмұны - оқу материалының ең аз көлемі артық мазмұн толық болмаған кезде;

- уақыты: бір оқу сабағының ұзақтығы 1-2 (5) бастап 10-15 (20) минутқа дейін, соңғы жағдайда сабақ мыналарды қамтуы мүмкін 1-ден 5 минутқа дейінгі бірнеше сегменттер;

- автономия: салыстырмалы тәуелсіздік және өзін-өзі қамтамасыз ету әрбір микромодуль;



CC BY NC

- әртүрлілік: мультимедиялық (әр түрлі беру әдістері ақпарат: бейне, аудио, инфографика, анимация, гипермәтін);

– қызықты: геймификация, көрнекілік, ойын кейіпкерлері, ойын сюжеті, жоғары динамика және т. б. сияқты әртүрлі мотивациялық құралдарды (оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып) пайдалану;

- интерактивтілік: тікелей және кері байланыстың жылдам ауысуын қамтамасыз ететін оқу іс-әрекетін құрудың диалогтік принципі;

- білім алушылардың оқу (бақылау) тапсырмаларын орындау сапасы туралы, әдетте, қалыптастырушы логикада дереу кері байланыс бағалауға мүмкіндік беретін (диагностикалық-консультациялық) бағалау материалды меңгеру деңгейі, өзекті «білімдегі олқылықтар» және тәсілдер оларды жеңу;

- мультиплатформалылық: компьютер, планшет, смартфонды қоса алғанда, кез-келген жеке құрылғыдан микромодульдердің қол жетімділігі (National Academy of Education named after Y. Altynsarin, 2024).

Осылайша, микрооқыту негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру диагностикасы кең арнада түсіндірілді. Микрооқыту негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында арнайы курс әзірленіп, тәжіриге ендіріліп, тиімділігі эксперименттік жұмыстар арқылы айқындалды.

**Талқылау.** Болашақ педагогтың кәсіби құзыреттілігі құрылымын кәсіби шеберлік арқылы ашуға болады. Тиісінше, бұл құзыреттілік лауазымдық міндеттерді табысты орындауға қажетті кәсіби маңызы бар білім, білік және дағдылардың кең ауқымын қамтиды. Сондай-ақ, ол тұлғаның жеке белсенділігін, мақсат қоя білу қабілетін, кәсіби міндеттерді тұжырымдап, оларды шеше алуын, ұжымда жұмыс істей білу және әлеуметтік қарым-қатынаста тиімді әрекет ете алу қабілетін сипаттайтын қасиеттерді де қамтиды (Yin et al., 2021).

В.И. Блинов, И.С. Сергеев және Н.Ф. Родичевтің бірлескен зерттеуінде микрооқытудың ең алдымен, мазмұнды шектелуімен және фрагментарлығымен байланысты бірқатар күрделі кемшіліктері білім берудің алуан түрлі деңгейлерінде кең қолдануға кедергі келтіретінін, бұл кемшіліктер корпоративті оқытуда қолданылатын микрооқытудың нақты ұйымдастырушылық-дидактикалық моделінің ерекшеліктерімен байланысты екендігі жазылған. Олардың ойынша, философия мен педагогика теориясын, дидактика және оқыту әдістемесін құрудың жаңа тұғырлар қамтылған басқа моделі әзірленсе, бұл кемшіліктерді болдырмауға болады (Blinov et al., 2022).

Скопус деректер қорында жарияланған журналдарда келесідей зерттеушілердің микрооқытуға қатысты зерттеулері жарық көрген:

L. Lohman аралас зерттеу әдістемесін пайдалана отырып, микрооқыту әлеуметтік өзара әрекеттесу мен ұжымдық білім беруді қолдау арқылы білім алушылардың дағдыларын айтарлықтай жақсарта алатынын көрсетеді. Микрооқытуға талқылау және өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін қосу білім

CC BY NC

алушыларға тереңірек және рефлексивті оқытуға қатысуға мүмкіндік береді, бұл қазіргі жұмыс жағдайында тиімді оқу бағдарламаларын құру үшін маңызды деген пікір білдірген (Lohman, 2023).

N. Zhou and Y. Deng пікірінше, конструктивизм қағидаттарына негізделген бұл ресурстар білім алушыларға білімді пассивті игеруден оларды белсенді қолдануға және талқылауға, оқу үдерісіне белсенді қатысуға мүмкіндік береді. Төңкерілген сынып шеңберінде, әсіресе микрокомпьютерлер мен интерфейс технологияларының принциптері сияқты теориялық және практикалық аспектілерді терең түсінуді қажет ететін курстарда микрооқыту ресурстарын қолдану дәстүрлі оқыту әдістеріне қарағанда айтарлықтай артықшылықтарды көрсетеді, бұл білім алушылардың өз бетінше әрекет ету және сыни ойлауын дамытуға ықпал етеді (Zhou and Deng, 2018).

H. Robles бастаған зерттеушілер тобы бірлескен зерттеуінде микро тапсырмалар, геймификация элементтері, талқылаулар және білім алушылардың мазмұнды жасауы сияқты компоненттерді қамтитын мобильді қосымша арқылы оқуды ұсынған. Мобильді қосымша білім алушылардың ағылшын және испан тілдерінде оқу дағдыларын жетілдіруге арналған (Robles et al., 2023).

Ж. Жұмабаева бастаған зерттеушілер тобы сандық кері байланыс арқылы оқыту дағдыларын арттыру мәселесін қарастырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерімен зерттеу жүргізген. Зерттеу нәтижесінде қазақстандық мұғалімдер даярлау бағдарламасы бойынша болашақ мұғалімдерді оқыту мен даярлау сапасын арттыруда микрооқытудың сандық құралдарын кеңірек қолданудың тигізер ықпалы мол деген қорытынды жасаған (Zhumabayeva et al., 2025).

Микрооқыту технологияларын пайдалану жеке дағдылар мен кенцептілерге назар аудару арқылы когнитивті икемділікті дамытуға ықпал етеді. Әрбір микро сабақ белгілі бір дағдыны, бір тақырыпқа қатысты материалды игеруді қамтамасыз ететін етіп құрылымдалады. Жаңа ұғымдарды тиімді игерудің шарты – дағдыларды дамыту үшін микро сабақтар сериясының қисынды байланысы. Бұл зерттелетін мазмұнның әртүрлі аспектілерін меңгеру қабілетінде көрінетін когнитивті икемділікті қалыптастыруға жағдай жасайды. Сонымен қатар, осы технологияны қолданатын қысқа және қарқынды сессиялар білім алушыларға жылдам кері байланыс алуға мүмкіндік береді, бұл қателіктерді сол арада түзетуге және оқу стратегияларын бейімдеуге ықпал етеді (National Academy of Education named after Y. Altynsarin, 2024).

**Қорытынды.** Микрооқыту тек ықшамдалған оқыту емес, ол оқу материалын білім алушылардың қабылдауына ыңғайлы формада әзірлеп ұсыну, табысты нәтижеге ұмтылу, мұғалімнің шығармашылық ізденісі, білім берудегі заманауи тенденцияның жарқын үлгісі. Микрооқытуды ұйымдастыру ол туралы теориялық білімнің болуын, оны жоспарлау мен өткізудегі әдістемелік шеберлікті, практикалық дағдыларды, жалпы айтқанда кәсіби

құзыреттілікті талап ететін технология. Біз зерттеу жұмысымызда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін микрооқыту негізінде қалыптастыру мәселесін теориялық тұрғыда талдап, ғылыми еңбектердегі қарастырылу жайына шолу жасадық. Сол арқылы *«Микрооқыту – қысқа, нақты, құрылымдалған оқу бөліктері арқылы дағдды мен құзыреттіліктер қалыптастыру тәсілі»* деген тұжырым жасадық. Болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін құраушы дағдыларды қарастыра келе, микрооқыту негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру бағытындағы тәжірибелік-эксперименттік жұмысты екі кезеңде жүзеге асырдық және оның нәтижесінде біз әзірлеген арнайы курстың микрооқыту негізінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда мүмкіндігі зор деген қорытындыға келдік. Зерттеу мәселесін қарастыру барыснда қол жеткізілген теориялық талдаулар мен эксперименттік нәтижелерді болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау үдерісінде, кәсіби біліктілікті арттыру курстарында, осы тақырыптағы зерттеулерде қолдануға болады.

Зерттеу мәселесі аясындағы еңбектерге жасалған талдау және жүргізген тәжірибелік жұмыстарға сүйене отырып, төмендегідей ұсыныстарды әзірледік:

- Педагогикалық жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларына микрооқыту технологиясын бастауыш оқу үдерісіне кіріктіру туралы арнайы курс енгізілсе;
- Бастауыш сынып мұғалімдерінің оқу үдерісінде микрооқытуды қолдану мәселесі педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарына енгізілсе;
- Бітіруші курстардың қорытынды зерттеу жұмыстарында микрооқыту технологиясы тақырып ретінде белгіленсе;
- Бастауыш оқу үдерісіндегі микрооқыту технологиясын қолдану әдістемесі көрсетілген әдістемелік нұсқаулықтар әзірленсе.

Біз микрооқыту негізінде болашақ бастауыш сынып мұғлаімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру диагностикасын қарастырдық. Зерттеу мәселесінің ауқымы кең, себебі құзыреттілік ұғымының өзі білім, білік, дағды жиынтығын қамтыса, кәсіби құзыреттілікті құраушы компоненттер әр сала ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі түсіндірмеге ие; микрооқыту - құрылымы, әзірленуі, қолданылуы тұрғысынан бөлек зерттеуді қажет ететін тақырып. Ендеше зерттеу мәселеміздің аясы кеңейіп, алдағы уақытта нақты диагностикалық құралдар әзірлей отырып, әлемдік үздік тәжірибелерге негіздей микрооқытуды жалпы білім беру жүйесінде қолдану алғышарттарына қатысты кең ауқымды зерттеумен жалғасын табады деп ойлаймыз.

**References**

Akhilbekova M., and Baitasheva G. (2024) The use of case technology in the educational process. *Eurasian Science Review An International Peer-Reviewed Multidisciplinary Journal, 2*(2). — P. 148–155. https://doi.org/10.63034/esr-88 (in Eng.)

CC BY NC

Amanova A.K., and Sarmurzin E.Zh. (2020) Professional competence of future educational psychologists: Its essence and formation possibilities. *Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Pedagogy. Psychology. Sociology Series, 130*(1). — P. 25–30. https://www.researchgate.net/publication/343261625 (in Eng.)

Asenova, N.S., Shavalieva Z.Sh., and Sakenov D.Zh. (2014) Content of professional competence of students of “Pedagogy and Psychology” specialty. *Academic Journal of Western Siberia, 10*(5). — P. 90–91. (in Eng.)

Blinov V.I., Sergeev I.S., and Rodichev N.F. (2022) Microlearning – from business to education. *Education and Science, 24*(9). — P. 43–68. https://doi.org/10.17853/1994-5639-2022-9-43-68 (in Eng.)

Hug T. (2005) Micro learning and narration: Exploring possibilities of utilization of narrations and storytelling for the designing of micro units and didactical micro-learning arrangements. Paper presented at the *Fourth Media in Transition Conference*, MIT, Cambridge, MA. https://www.researchgate.net/publication/237558117 (in Eng.)

Lohman L. (2023) How can you deliver microlearning when learners don't want it? Designing microlearning for socially oriented learners. *Educational Technology and Society, 27*. — P. 147–165. https://doi.org/10.30191/ETS.202401_27(1).SP03 (in Eng.)

Mikhailov V. (n.d.) Microlearning – features, advantages and disadvantages. https://edu-russian.ru/mikroobuchenie-osobennosti-preimushchestva-i-nedostatki.html (in Eng.)

Robles H., Jimeno M., Villalba K., Mardini I., Viloria-Nuñez C., and Florian W. (2023) Design of a micro-learning framework and mobile application using design-based research. *PeerJ Computer Science, 9*, e1223. https://doi.org/10.7717/peerj-cs.1223 (in Eng.)

Smith S. (2021) Assessment criteria for second language microteaching lessons. *American Journal of Humanities and Social Sciences Research, 5*(10). — P. 78–84. https://www.ajhssr.com/wp-content/uploads/2021/10/K215107884.pdf (in Eng.)

Slyvnaya E.M. (2021) Microlearning as an innovative technology in teaching foreign languages in modern reality. *Humanities and Social Sciences, 89*(6). (in Eng.)

Tokayev named a very important task for Kazakhstan. (n.d.). https://en.tengrinews.kz/kazakhstan_news/tokayev-named-a-very-important-task-for-kazakhstan-269029/ (in Eng.)

Tosuncuoglu I. (2024) Prospective foreign language teachers: Interactive whiteboards within the context of micro-learning. *Pegem Journal of Education and Instruction, 14*(4). — P. 116–124. https://doi.org/10.47750/pegegog.14.04.12 (in Eng.)

Yin J., Goh T.T., Yang B., and Xiaobin Y. (2021) Conversation technology with micro-learning: The impact of chatbot-based learning on students’ learning motivation and performance. *Journal of Educational Computing Research, 59*(1). — P. 154–177. https://doi.org/10.1177/0735633120952067 (in Eng.)

Zhou N., and Deng Y. (2018) Research and practice on the flipped classroom teaching mode in “Microcomputer Principle and Interface Technology” course based on micro learning resources. *International Journal of Information and Education Technology, 8*(3). — P. 240–244. https://doi.org/10.18178/ijiet.2018.8.3.1041 (in Eng.)

Zhumabayeva Z., Zhaxylikova K., Omirzakova A., Aitenova E., Zhailauova M., and Nurgaliyeva S. (2025) Enhancing teaching skills through digital feedback in microteaching: A study with prospective primary teachers. *International Journal of Information and Education Technology, 15*(9). — P. 1820–1828. https://doi.org/10.18178/ijiet.2025.15.9.2383 (in Eng.)

Republic of Kazakhstan (2007) Law on Education (No. 319-III). https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031(in Eng.)

Republic of Kazakhstan (2019) Law on the Status of Teacher (No. 293-VI). https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37375928 (in Eng.)

National Academy of Education named after Y. Altynsarin (2024) *Methodological recommendations for the use of microlearning technology in foreign language lessons*. Astana. https://uba.edu.kz/storage/app/media/71%2071%2071%2071%2071%2071%20%20%20KZ%20%20%20KZ%20%20%20KZ.pdf (accessed December 28, 2025). (in Eng.)



cc BY NC

**Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see http://www.elsevier.com/publishingethics and http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research CenterLLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see http://www. elsevier. com/postingpolicy), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http:// publicationethics. org/files/ u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service http://www.elsevier.com/editors/plagdetect.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/ or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Requirements for articles design for publication in the journal are available on the websites:

**www: nauka-nanrk.kz**

**ISSN 2518–1467 (Online),**

**ISSN 1991–3494 (Print)**

***http://www.bulletin–science.kz/index.php/en***

Managing Editor: A.Shormakova
Editors: D.S. Alenov, M.Konyrbekov
Computer layout: G.D. Zhadyranova

Signed for print: June 30, 2026
Format: 70×90 1/16. 48.0 printed sheets. Order No. 3

---

*«Central Asian Academic Research Center» LLP*
*Almaty, Shevchenko Street, 28*